

В.К. Наурызова* 

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы
*e-mail: v.nauryzova@asu.edu.kz

БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЖӘНЕ ТӘРБИЕ МЕН САНА ШЕКАРАСЫНА ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕТІН АҚПАРАТТЫҢ ЗИЯНЫ ЖӘНЕ ОЛАРДАН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

Аңдатпа.

Бұл зерттеу жұмысының негізгі нысаны – осы балалардың ақпарат қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету. Балаға төнген қауіп – тұтас елге төнген қатер. Елде іріткі болмау үшін бала құқығын сақтап, қорғап қалу әр тұлғаның міндеті. Қазіргі таңда бала тақырыбында көтеріліп жүрген мәселелер жетерлік. Ғаламның соншалықты дамығанының салдарынан балаға жан-жақтан қауіп төнеді. Балаға берілетін ақпаратты бақылауда ұстайтын болса, барлық қауіптің алдын алған болар еді. Сондықтан ата-ана, мемлекет және үкіметтік емес ұйымдардың бала құқықтарын қорғаудағы жауапкершілігі жоғары болады. Халықтың сауаттылығын арттыру, ата-аналар мен балаларды ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын, қауіпті ақпаратты тану дағдыларын үйрету қажеттілігі баяндалды.

Сондай-ақ, балаларға қоғамның, ортаның қай саласынан қауіп төнеді және оларды шешу шаралары сараланған. Балаларды қорғау мемлекеттің барлық деңгейлерінде болатыны керемет, бірақ тек бір органның қызметі аз. Отбасында ғана емес, бала немесе кәмелетке толмаған оқу орындарында да берік азаматтық ұстаным қажет. Ақпараттық қауіпсіздіктің шетелдік және отандық тәжірибесін ескере отырып, ақпараттық қауіпсіздік субъектілері заң аясында баланың жеке ақпараттық ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыруы сипатталады.

Негізгі сөздері: ақпарат, бала құқықтары, бұқаралық ақпарат құралдары, тәрбие, зиян келтіру.

Кіріспе.

Қазіргі уақытта қоғамның назары баланың өмірі мен денсаулығына теріс әсер ететін ақпараттан, насихаттан қорғауға бағытталған. Жасыратыны жоқ, белсенді мазмұнның теріс салдары және интернеттің технологиялық дамуы дүниежүзілік проблема болып табылады.

Бала аудиториясына бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) және интернеттің әсері орасан зор. Бала бос уақытын әлеуметтік желілерде, интернетте және теледидар қараумен өткізеді. Егер сол БАҚ пен интернеттен дұрыс ақпарат берілсе баланың дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына жақсы әсерін тигізеді. Ал кері әсер ететін ақпарат болса кісі өлімі, қаншама қатыгездік, қанша зорлық-зомбылық бойына сіңірген бала болатыны анық. Психолог ғалымдардың зерттеуінше, баланың алған теріс ақпараты әрқашан миында жүреді, ол өз ортасында оны ішкі жан дүниесімен сезініп, іске асыруы мүмкін. Балалар теледидар, интернет, компьютерлік ойындардағы ақпараттардың қайсысы жақсы, қайсысы жаман екенін ажырата алмайды. Егер жақсы мен жаманды ажыратып білсе, ата-ана, қоғам, мемлекет баланың саналы, тәрбиелі болып өсетініне сенімді болып, алаңдатушылық туғызбас еді.

Жақсы, сапалы, тәрбиелік маңызы бар ақпарат бала санасына әрдайым беріліп отырса, сабаққа барғылары келмей, сабақ оқымау, кітап оқуға қызықпау, суицид, қоғамнан оқшаулану, ата-анаға жақын болып сыр бөліспеу, өз-өзін жалғыссырату, теріс ағымдарға еліктеу және тағы басқа қауіптер орын алмас еді.

Интернет не десе, «Бүкіл әлемді үйіме сыйғызып, әлем жаңалықтарымен ақпараттандырған желі», - деп жауап берер едім. Бұрынғыдай әр елдің сырын сақтауы мүмкін емес. Қай елде болған оқиға күні ертең әлемге жария етілмек. Егер ол жағымсыз

оқиға болса, соның өзі еліміздің бала түгілі ересек адамының ой-өрісіне, сана-сезіміне, мінезіне, тұрмыстық жағдайына өзгерістер енгізеді.

Қазіргі таңда телеарнадан берілген бағдарламалардың көтерген тақырыптары өте ерсі. Тіпті ата-ана балаларымен бірге отырып қараудан ұялады. Бұған мысал: «Жетінше арнадан» тікелей эфирде көрсетілетін «Өз ойым» бағдарламасын айтуға болады. Ондағы қаралатын тақырыптар «Көңілдес болғым келеді», «Қыздық перде қызықтыра ма?», «Жынысымды ауыстырғым келеді», «Трансқа түскен өмір», «Нәзік жігіттер», «Жатырын жалға бергендер», «Зорланған қыздың зор қайғысы», «Жалаңаштану – жарнама ма?», «Қыздардың пәктігі маңызды ма?», «Жезөкшелік қашан заңдастырылады?», «Бала сатамын», «Балаға сексуалды тәрбие беру керек пе?», «Нашақордың күні», «Ар саудасы мен тән саудасы» және тағы басқалары. Жалпы бұндай бағдарламалар өте көп болды, көбі елін ойлаған азаматтардың жан-айқайымен жабылса да, әлі эфирден алынбағаны бар. Жастарға келтіретін зияны бағдарламадағы кейіпкерлердің істеріне, бейнелеріне еліктеулері мүмкін [1].

Жастар – ел болашағы. Олардың алған білімдері мен жан-жақтан алған ақпараттарына біртұтас ел болып жауап береміз. Сондықтан БАҚ пен әлеуметтік желілер арқылы берілетін ақпаратқа көп мән берілуі қажет.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Баланың мүдделері мен құқықтары, баланың денсаулығы, бала тәрбиесі негізгі тақырыптар болып табылады. Мемлекет заңнама арқылы балалардың денсаулығына, адамгершілігіне, рухани дамуына теріс әсер ететін ақпараттан қорғау шараларын жүзеге асырады. 1989 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымында балалардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени, саяси, азаматтық құқықтарын қарастыратын балалар құқықтары туралы конвенция қабылданды. Бұл конвенция жан-жақты халықаралық құжат болып табылады. Конвенция негізінде Бала құқықтары алғаш рет халықаралық құқықтық қорғауға ие болды, ал 2002 жылы бұл құжатты 191 ел ратификациялады. Әр бес жыл сайын Біріккен Ұлттар Ұйымына әр мемлекетке Бала құқықтары туралы есеп беру тапсырылды.

Барлық мемлекеттер балалар үшін мына жағдайларды қолдайды:

- балаларға сапалы ақпарат тарататын пайдалы әлеуметтік және мәдени ақпарат беретін БАҚ-ты қолдау;
- ұлттық, мәдени деректерді алу, ақпарат дайындау, оларды тарату кезінде халықаралық ынтымақтастықтың сақталуын қолдайды;
- балалармен байланысты әдеби шығармаларды жаңғыртуды қолдайды;
- балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттың алдын алу және осындай материалдардың таралуын болдырмау қағидаттарын қолдайды.

Конвенция нормаларына сәйкес БАҚ тарататын деректер балалардың әлеуметтік, рухани, адамгершілік қасиеттері мен әл-ауқатына, оларда ойлаудың психикалық жүйесін және баланың денсаулығын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Конвенция сонымен қатар балаларға тыныс алуға және бос уақыттарын тиімді өткізуге, түрлі ойын-сауық шараларына қатысуға мүмкіндік береді. Бірақ барлық әрекеттер, барлық шаралар баланың жасына сәйкес келуі керек деп айтылады.

Конвенция нормалары да таратылатын жарнамаға талаптар қояды. Жастар жарнамадан көргенін қайталап, жарнамада көрсетілген заттарды «не екен деп» қызығушылық танытуы мүмкін. «Балаларға арналған және балалардың көмегімен жасалған жарнама олардың мүдделеріне зиян тигізбеуі және олардың ерекше сезімталдығын ескермеуі керек», - делінген Конвенцияның 11-бабында. Адам өміріне зиянды тауарларды жарнамалауға көптеген елдер қатаң тыйым салады. Ол дұрыс. Өйткені, темекі өнімдерін, алкогольдік сусындарды және басқа да зиянды тауарларды ешқашан насихаттауға болмайды. Балалар туралы айтпағанда, олардан аулақ болу керек. Көптеген елдер бұған үлкен мән береді. 15-бап темекі өнімдерін жарнамалауға тыйым салады [2].

Бұл халықаралық деңгейдегі құжаттар. Ал Қазақстан Республикасының заңнамасы баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауды, оларды зиянды ақпараттан қорғауды да жүзеге асырады. Бала құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің шығу тегі Қазақстан Республикасының Конституциясында жатыр. Онда Конституцияның 12-бабының 5-бөлігінде: «адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауы, конституциялық жүйе мен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуі тиіс» делінген. Бұл норма халықаралық деңгейдегі құқықтық құжаттарда айтылған.

Бұқаралық ақпарат құралдарының басты міндеттерінің бірі – порнографияға, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы заңнаманы басшылыққа ала отырып, қоғамдық моральды қорғау. «БАҚ туралы» заңда барлық мүдделер мен нормалар жазылған. 14-баптың 1-бөлімінде эротика ұғымы көрсетілген және мағынасы түсіндірілген. Яғни, эротикалық өнім – бұл адамгершілік ар-ождан арқылы өтетін, қазаққа тән емес, қызығушылық тудыратын және үнемі алаңдататын баспа басылымы немесе теле-радио бағдарламасы. Бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңда 14-баптың 2-бөлігі эротикалық сипаттағы материалдарды тарататын мерзімді басылымдарды стационарлық емес үй-жайларда және білім беру ұйымдарының, балалар мекемелерінің, дұға үйлерінің жанында және осы аумақтарда сатуға тыйым салады. Сонымен қатар, он сегіз жасқа дейінгі балаларға бөлшек саудаға тыйым салынады. Бұл эротикалық ақпаратты тарату жергілікті атқарушы органдар белгілеген арнайы стационарлық пункттерде жүзеге асырылуға тиіс [3].

Радио, теледидарда порнографиялық және жыныстық-эротикалық бағдарламаларды шығаруға және осы сипаттағы фильмдер мен бейнелерді таратуға заңмен тыйым салынады. Сонымен қатар, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттауға қатаң тыйым салынады. Мұның бәрі балалардың ақпараттық қауіпсіздігіне, олардың санасын, ойлауын ластанудан қорғауға бағытталған іс-шаралар.

2002 жылғы 8 тамызда баланың ақпараттық қауіпсіздігіне байланысты қабылданған «Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңындағы баптарға сәйкес балаға сөз және ар-ождан бостандығын сақтауға, БАҚ, Интернет арқылы ақпарат алуға, сондай-ақ қоғамға араласуға құқығы бар екендігі атап өтіледі. Мұның бәрі заң шеңберінде жүзеге асырылады және егер зиянды ақпарат балаға әсер етсе, заңмен тыйым салынады.

«Бала құқықтары туралы» Заңның 34-бабында: «бұқаралық ақпарат құралдарын, әдебиетті, ойын-сауықты және порнографияны, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты дәріптейтін, адамның қадір-қасиетін төмендететін, балаларға зиянды әсер ететін және құқық бұзушылықтарға ықпал ететін басқа да іс-шараларды пайдалану» делінген. Сонымен қатар, баланы алкоголь мен темекі өнімдерінің зиянынан қорғайтын заңның ережелері бекітілген [4].

Баланы жезөкшелікке итермелеу – бұл қылмыс. Бұл немқұрайлы мәселе емес. Баланы жезөкшелікпен айналысуға тартатын, балаға порнографиялық материалдарды немесе заттарды, баспа басылымдарын, кино немесе бейнематериалдарды, порнографиялық сипаттағы және эротикалық мазмұндағы өзге де заттарды тарататын, жарнамалайтын немесе сататын адамдар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен жауапты болады.

Жоғарыда жастар денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпаратты БАҚ пен интернет арқылы алады деп келгенбіз. Қазіргі таңда компьютерлік клубтар да баланың сана-сезіміне әсер етуде. Жасөспірімдер уақыттарының көп уақытын сол жерлерде өткізеді. Ойынның қызығына түсіп кеткен жасөспірімдер қалай да бір-бірін жеңбейінше тапжылмай отырады. Кейде ұтыс тігіп, ойнаушы ұтысқа кенелетін кездер де болады. Ұтыс алған баланың бұл ойын орындарына тағы келіп, тағы ұтысқа кенелсем деген ой әрқашан жадында тұрады. Сабакқа деген ынтасы болмай, бар ойы сол ойын клубтары болады. Ұтыс тігу үшін ақша іздеп, ата-ана, туған-туыстарынан сұрап, бермеген жағдайда ашуланып,

оларға қарсы шығу, мінез көрсету орын алып жатады. Не болмаса сол ақшаны табу үшін ұрлыққа, тонауға баруы мүмкін. Бұл әрекеттер баланың адами қасиетіне кері әсерін тигізеді.

Сонымен қатар, ересек балалар зұлымдық пен қатыгездік сипатталатын, зорлық элементтері көрсетілетін ойындарға көбірек әуес. Қан төгіс пен атыс-шабыстан балалар қорықпай, оларға қызығушылық танытады. Сонымен қатар, олар өздерінің сүйікті кейіпкерлерін жеке дара қасиеттерін өз бойынан табуға тырысып, ойын өзгертетіні анық. Ал мұндай ойынға 14-18 жастағы балалардың көпшілігі әуес болып келеді.

Ал қазір балалар қаншалықты кітап оқиды? - деген сұрақ туындайды. Әдебиет оқитын балалар аз екені анық. Кітапты оқу қазіргі уақытта электронды тұрғыда оқу жеңілдірек секілді саналады. Газет пен журналдардың балаларға жақсы, тиімді ақпарат беретін өз орындары бар. Жалпы балалардың қызығушылығы арттыратын газет-журналдар мыналар: «Ұлан» балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық газет, «Айгөлек», «Балдырған», «Ақжелкен» журналдары. Газет, журналға қызығушылықты баланың кішкентай кезінен бастап ояту қажет. Ал ол кішкентайынан теледидар, интернет арқылы видеороликтер қарайтын балалардың кітап, журнал оқуға ниеті болмайды.

Бала үшін, қазіргі уақытта ата-ана, аталар мен әжелер ұялы телефонның, компьютердің, планшеттің ішінде отыратын болды. Осы жерде ата-ананың бала алдындағы жауапкершілігін де айта кеткен жөн. Баланың дамуына, тәрбиеленуіне ата-ана, асыраушысы мен қамқоршысы жауапты болады. Олар баланың бос уақытында немен айналысып отыр, теледидар мен интернеттен не қарап отырғанын бақылауда ұстауы қажет. Емін-еркін отырып баламен әңгіме айтудан қалып барамыз. Ата мен әженің тәрбиесін телефон, яғни TikTok, Instagram, You Tube алмастырылып отыр. Көпке топырақ шаша алмаймыз, немересін бесік жырымен, ертегісімен, батасы мен өнеге сөздерімен тәрбиелеп отырған ата мен әже бар. Осындай ата-әже тәрбиесіндегі баланың дамуы мен ой өрісі өте жоғары деңгейде болатынын шетелдік мамандар да қолдап жатыр.

Бала ата-анаға жиі еліктеп, олардың іс-қимылына көп көңіл аударады. Ата-ана жаман ойға жақын болса, үнемі балағат сөздер, жаман әңгімелер айтатын болса, бұл балаға тікелей әсер етеді. Психолог мамандардың пікірі бойынша: «ата-ананың тәрбиесіне барлығы байланысты. Балаларының режимін қадағалап, бос уақыттарын да тиімді жұмсауы керек. Ал ата-ана тарапынан бақылау болмаса, ол балалар өз білгендерін істейді, тіпті күні бойы теледидар көріп отыра береді» [5].

Қазіргі уақытта орыс, ағылшын тілдік мультфильмдер де кішкентай балаларға айтарлықтай әсер етеді. Бір қызығы, губка Боб – Сэндиді, Мадагаскар – Леоны, Гарри Поттерді, Том мен Джерриді және басқа да көптеген мультфильм кейіпкерлерін жақсы көреді және олардың ерекше бейнелерін көретіні таң қалдырады. Бен Тен, Өрмекші адам, Бетман, Наруто, Аватар сияқты еліктеуге және қызықтыруға болатын бейнелер де бар. Мінсіз болып көрінетін бұл шетелдік батырлардың қазақ балаларына қарағанда құрметі тым жоғары. Оның дәлелдерінің бірі – бұл мереке немесе іс-шара болсын, бала барлығының осы «қолдан жасалған» кейіпкерлердің бейнесінде болғанын қалайды. Мұны ата-аналар да жақсы біледі. Ал біздің елімізде қызықтыратын, қуантатын, еліктейтін бейнелер, тұлғалар жеткілікті. Егер біз «Ер Төстік» бейнесін жоғары деңгейде көрсете алсақ, «мен өрмекші адам боламын» деген сөздер «мен Төстік боламын» дегенге өзгерер еді. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары насихаттайтын, көрсететін, жазатын, жариялайтын нәрсе жасөспірімдер мен ересек балалар үшін пайдалы болғаны дұрыс.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Балалардың жас айырмашылығы мен жынысы да маңызды. Жасөспірімдер ата-аналарына өскенде көп нәрсе айтпайды. Мамандардың зерттеуіне сәйкес, 6 мен 9 жас аралығындағы балалардың 76%-ы ата-аналарымен теледидардан көретін телешоуларды талқылайды. 16 мен 18 жас аралығындағы ересек балалардың тек 53%-ы ата-аналарымен

көрген хабарламаларымен бөліседі. Олардың арасында қыздар басым. Ұлдар аз көрсетеді. Яғни, ұлдар ата-аналарына көп ақпарат бермейді, олар талқылаудан аулақ болады [6].

Әрине, ата-ана баласына жамандық ойламайды. Алайда баласының бос уақытында немен айналысатынын, қандай істерге қызығушылық танытатынын, мектепте не бүлдіргенін, қандай жетістікке жеткенін білмейтін, сұрамайтын, сырласпайтын, баласымен байланыс жасамайтын ата-аналар бала жағлайынан хабарсыз болады. Сондықтан баламен әрқашан сырласып, қандай да бір мәселе мазаламай ма? - сұрап біліп, отыру керек.

Сонымен қатар, егер Қазақстан өз елінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әлемнің алып мемлекеттері пайдаланатын бағдарламаларды «сүзу» жүйесіне енгізілсе, ол балалардың психикалық, рухани, физикалық денсаулығына зиян келтіретін ақпараттық кеңістіктің теріс әсерінен теледидардан, әрбір үй компьютерінен қорғайтын еді.

Сатылымға шығатын теледидарлардың өзінде код енгізіліп, Жапония сияқты елдерде сүзу заңмен бақыланады. Арнайы сүзгісі жоқ теледидар бағдарламалары сатылмайды, оларға мүлдем қолжетімді емес. Қандай керемет! Бұл сонымен қатар күндіз-түні жұмысқа баратын ата-аналардың балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен көмек болады. Шынында да, Жапонияда мұндай Теледидарлар автоматты түрде бұғатталады және эротикалық мазмұндағы бағдарламаларды, жыныстық бейнелерді және басқа зиянды деректерді көрсетпейді. Технологияның өзі бәрін реттейді. Арнайы цифрландыру кодтары бар. Егер бұл біздің елде де қолданылса, ата-ана бақылауы болмаса да, балалардың ақпараттық қауіпсіздігі қамтамасыз етілетін еді [7].

Нәтижелер және оларды талқылау. Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі – бұл тек бір отбасында ғана емес, бір елде ғана емес, бүкіл әлемде талқыланатын және талқыланып жатқан тақырып. Сондықтан әлемнің демократиялық елдерінде арнайы заң қарастырылған:

- жасөспірімдердің адамгершілік қасиеттері мен әл-ауқатына қарсылық тудыратын ақпаратты таратуға және таратуға заңмен қатаң тыйым салынады.
- балалардың физикалық денсаулығы мен ойлау қабілетін дамытуға зиян келтіретін болса, ақпаратты талдайды және қарастырады.
- баланы теріс дағдыларға үйрететін ақпараттық өнімдердің арнайы тізімі жасалады.
- балаларды зиянды ақпараттан қорғау мақсатында бақылаушы, бақылаушы органдар құрылды.
- ал егер заң талаптарға сай келмейтін заңсыз берілетін ақпараттық өнімдер болса, оларға шаралар қабылданады және жауапқа тартылады.

Балаларға ақпараттан келетін қауіптен сақтау үшін халықаралық деңгейде жемісін берген әдіс-тәсілдерді елімізде қарастыру қажет. Көптеген елдерде балаға берілетін ақпараттарға шектеу көп қояды. Олар күндіз теледидардан көрсетілетін бағдарламалардың тақырыптары мен айтатын әңгімелерінің заңда көрсетілгендей балаларға сәйкес келмейтіндерін жаптырады немесе түнгі уақытта жіберілуін талап етеді. БАҚ балаларды қорғау үшін шектеулі болғанымен, бұл барлық шет мемлекеттерге ақпарат беруге кедергі келтірмейді. Бұл шет елдерде жасалған тәжірибеден алынған тұжырымдар болды [8].

Еуропа елдерінің тәжірибесінде жан-жақты қарастырылған. Мысалы, теле арналар арқылы таратылатын бағдарламалар, оларда бекітілген БАҚ заңын сақтай отырып, балалардың рухани ойына, физикалық және моральдық санасына теріс әсер ететін көріністер мен ақпаратты көрсетпейді. Зорлық-зомбылық насихаттайтын бағдарламаларды көруге тыйым салынады. Телеарнадан басқа, балалар үнемі қолданатын интернетте де заңды түрде бекітілген. Интернетте балаларға жақсы пайдалы ақпараттарды табуға болады, бірақ заңсыз материалдар жарияланбайды.

Сонымен қатар, балалар көре алмайтын бағдарламаны іске қосу кезінде ескерту ретінде дыбыстық сигналдар, сонымен қатар ескерту шаралары, белгілер көрсетілуі керек.

Бұл компьютерге де байланысты, өйткені бала компьютерді жиі пайдаланады. Мұндай сүзуді орнату үшін арнайы бағдарламалық жасақтамамен айналысатын БАҚ қызметкерлеріне хабарласуға болады.

2000 жылдан бастап Канада мен АҚШ-та қажетсіз шоуларды бұғаттайтын кодсыз теледидарларды сатуға тыйым салынды. Бұл ата-аналарға үлкен көмек. Мұндай кодтау бағдарламасының өзі балаларды олардың санасын уландыратын, адамгершілік қасиеттерін бұзатын теледидарлық бағдарламалардан қорғау мақсатында ойлап табылған. Елдің болашағы өсіп келе жатқан жасөспірімдер болғандықтан, қаржыға өкінудің қажеті жоқ. Мысалы, Америка Құрама Штаттары 2004 жылы барлық оқу орындарында мазмұн сүзгілері бар бағдарламаларды енгізуге 9 миллион доллар инвестициялады. Сонымен қатар, Мемлекет мектептерге техникалық қолдау мен көмекке кепілдік берді.

Америка Құрама Штаттары мен Канадада кодтау құрылғылары жоқ теледидарларды сатуға тыйым салу басқа мемлекеттерге де үлгі болды. Ол мемлекеттің юрисдикциясында болғандықтан, ол сатылымды үнемі тексеріп отырады. Олардың жаңалықтарында сіз қатыгездік пен қатыгездік туралы әңгімелер көрмейсіз. Қазақстандағы жеке телеарналар сияқты адамның қанын да экранға шығармайды. Былай қарасаң, АҚШ демократияның шырқау шегіне шыққан ел. Біздің елге қарағанда, онда ашық-шашық киіну, еркін ұстау, алкогольдік шараптарды ерте жастан пайдалану, т.б. әрекеттер көп кездеседі. Дегенмен ақпаратты таратуға ерекше назар аударылады, заң бойынша тыйым салынады. Мұның бәрі мемлекеттік реттеу және ол өз нәтижесін береді.

Франция да, Италия да бұл жағдайға бей-жай қарамайды. Кез-келген хабар тарататындардың нәсілдік, жыныстық, діни және ұлттық сипаттағы бағдарламаларды көрсетуге құқығы жоқ, олар баланың психикасына, адамгершілігіне, рухани дамуына зиян келтіруі мүмкін, оны қатыгездік пен ұятсыздыққа ұшыратады.

Еуропалық Одақ пен АҚШ арнайы әзірленген бағдарламаларды қаржыландырады. Олардың бірі – «Қауіпсіз интернет». Мұндай әлеуметтік бағдарланған бағдарламаны жасөспірімді қорғау үшін ұлттық орталықтар құра алады. Ұлттық орталықтар әдетте төрт бағыт бойынша қарастырылады.

Біріншіден, заңға сәйкес келмейтін материалдарды іздейтін және оның жақсы әрекет істеуін қамтамасыз ететін арнайы сенім телефонын жасаңыз.

Екіншіден, ата-аналар мен жасөспірімдер интернеттің оларға пайдасын тигізумен қатар, олар үшін қауіп-қатерлерді де түсіндіруі керек.

Үшіншіден, балаларға жеке кеңес беретін «сенім телефоны» деп аталатын құру.

Төртіншіден, интернеттегі мазмұнды реттейтін сүзгі жасау керек [9].

Дамыған мемлекеттердің өздері балаларға ақпараттың теріс әсерін болдырмау үшін түрлі шаралар қолданады. Егер біздің ел де олардың ұсыныстарын тыңдап, әрекетке кіріссе, бұл жарықтың үстіндегі жарық болар еді. Дегенмен біздің елде мүлдем балалар денсаулығы мен дамуына қарсы ақпараттардан қорғалмайды, ешқандай жұмыстар жүргізілмейді деп минус қоюға болмайды. Айта кету керек, елдегі балаларды ақпараттық қорғау үшін мемлекеттік органдар тарапынан бірқатар жүйелі іс-шаралар жүргізілуде. Осы мәселелерді құқықтық реттеу, сондай-ақ мониторинг және бақылау, кез-келген қауіптердің алдын алу, оларды анықтау және жауапкершілікке тарту бойынша түрлі іс-шаралар жүзеге асырылады.

Қазақстанда бірнеше жыл бұрын Парламент Мәжілісінде балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын әкелетін ақпараттан қорғау туралы Заңның жобасы әзірленіп, 2018 жылғы 2 шілдеде «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды [10]. Бұл заңның қабылдануымен қатар баланы денсаулығы мен адамгершілігіне орны толмас зиян болып табылатын мағлұматтан қорғауға бағытталған нормаларды қамтитын сабақтас заңнамаға (телерадио хабарларын тарату туралы, бұқаралық ақпарат құралдары туралы, жарнама туралы

заңдарға) түзетулер енгізу көзделеді. Осыған байланысты келесі ұсыныстарды айтуға болады.

Балалардың жетілуіне және денсаулығына зиян келтіретін ақпаратты қорғау бірқатар заңнамалық нормаларда қарастырылған:

- баланың физикалық, психологиялық және моральдық дамуына зиян келтіретін телебағдарламаларды таратқаны үшін әкімшілік жауапкершілік «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексында (452-бап, 9-бөлім);

- баланың рухани және адамгершілік дамуына зиян келтіретін ақпаратты таратуға тыйым салу «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңында (39-бап, 1-тармақ);

- жергілікті уақыт бойынша 06.00-ден 22.00-ге дейінгі кезеңде Е 18 индексында фильмдер мен телебағдарламаларды көруге шектеу қою «Телерадиохабар тарату туралы», «Мәдениет туралы» ҚР Заңдарында;

- шетелдік телеарналарды ретрансляциялау кезіндегі операторлардың жауапкершілігі «Телерадиохабар тарату туралы» ҚР Заңында (29-бап, 2-тармақ);

- порнографияны, бұқаралық ақпарат құралдарын, әдебиетті, ойын-сауықты және зорлық-зомбылық пен зорлық-зомбылықты дәріптейтін, адамның қадір-қасиетін төмендететін, балаларға зиянды әсер ететін және құқық бұзушылықтарға ықпал ететін басқа да іс-шараларды қолдану «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңында (34-бап, 3-тармақ);

- интернетке қолжеткізу қызметтерін көрсету кезінде байланыс операторы заңды күшіне енген сот шешімімен немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынған ақпаратқа қолжеткізуді шектеуге міндетті «Байланыс туралы» Заңында (36-бап, 1-3 тармақ);

- тыйым салынған ақпаратқа қолжеткізуді шектеу жөнінде дереу шаралар қабылдауға міндеттілік «Байланыс туралы» ҚР Заңында (41-1-бап, 1-1-тармақ) көрсетілген.

Білім беру ұйымдары алдын алу шаралары ретінде прокуратурамен және ата-аналар қауымдастығымен бірлесіп балалардың мінез-құлқы мен бос уақытын бақылауды күшейту бойынша тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Былтырғы статистика бойынша уәкілетті органмен жүргізілген алдын алу жұмыстарының негізінде интернет-ресурстар әкімшіліктері 110 мыңнан астам құқыққа қарсы материалдарды жойды. Сондай-ақ, 144 сот органының 1 148 заңсыз материалға қатысты шешімдері орындалды. Қатыгездікті, зорлық-зомбылықты және порнографияны насихаттайтын 26 081 материалға қолжеткізуді шектеу бойынша шаралар қабылданды [11]. Осы жылдың басынан бастап Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің талабы бойынша әлеуметтік желілерде жарияланған 237 суицидтік мінез-құлық қауымдастығы мен топтары жабылды.

Халықты жүйелі түрде хабардар ету үшін балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің Web-сайты (www.bala-kkk.kz) жұмыс істейді.

Қорытынды.

Осы зерттеу барысында ақпараттық орта жасөспірімдердің дамуына кедергі келтіретін зиянды мәліметтерге бай екенін атап өтемін. Статистикалық деректер бойынша, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы, басқа елдерден айырмашылығы, ақпараттық қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық стандарттарға әлі де сәйкес келмейтіні анықталды. Сондықтан біз дамыған елдер қолданатын ұсыныстарды да, балалардың ақпараттық қауіпсіздігін зиянды деректерден қорғауымыз маңызды.

Бүгінгі таңда балалар көптеген ақпараттық ресурстарды біледі және оларды белсенді пайдаланады. Үйде барлық балаларда дербес компьютер бар. Басым көпшілігі интернетті пайдаланады. Сонымен қатар, жеке DVD ойнатқышы, бейне ойнатқыш, бейне магнитофон

және жеке ұялы телефондар бар. Ата-аналар баласының басқадан кем болғанын қаламайды, ал оның кейде кемшіліктері өте көп.

Қалалық аймақтағы бала мен ауылдық жерлердегі баланың айырмашылығы – қала баласының миы ықтимал қауіпті ақпаратпен уланған. Бұл көпшіліктің назарын аударады. Қалада тұратын балалар көбінесе түнде де компьютерлік ойын клубтарында болса, ауылдағы балалар мұндай хоббиді көп көрмейді.

Қорытындылай келе, ата-ананың бақылауы болмай, жағымсыз ақпараттардан сақталмаған балаларда неше түрлі жағымсыз әдеттер мен дағдылар қалыптасады. Әрекетсіздіктің салдарынан, балалар теріс жолға түсіп кету қауіпі және балалардың денсаулығына едәуір кедергісін келтіретіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Адырнаұлттық порталы. [Электрондық ресурс] — URL: <https://adyrna.kz/index.php/post/44190> (қаралу уақыты: 28.03.2023)
- 2 Біріккен Ұлттар Ұйымында Балалар құқықтары туралы Конвенциясы 1989. [Электрондық ресурс] — URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_ (қаралу уақыты: 20.09.2022)
- 3 Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының 1999 ж. 23 шілдедегі Заңы. [Электрондық ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100001242> (қаралу уақыты: 17.02.2023)
- 4 Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы 2002 ж. 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы. [Электрондық ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345> (қаралу уақыты: 04.01.2023)
- 5 Жанузакова Л.Т. Балаларды зиянды ақпараттан құқықтық қорғау саласындағы заңнама. Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің Хабаршысы. Ақтөбе. — 2018. — Б. 31-33
- 6 Қонақбаева Г. Балалардың табиғи құқықтарын қорғау мәселесі. «Заңгер». — №2. — 2006. — Б. 39-41
- 7 Ақпараттық қоғамдағы балалар. Балаларды интернеттегі зиянды ақпараттардан қорғау бойынша ата-аналарға арналған әдістемелік құрал. — Астана. — 2019. — 19 б.
- 8 Безугленко О.С. Законодательство в области правовой защиты детей от вредной информации: сравнительно-правовой анализ. Информационное право. — №1(32). — 2018. — С. 38-40
- 9 Қазақстан Республикасында балалардың қатысуымен қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізу ерекшеліктері: халықаралық стандарттар және ұлттық тәжірибе. Тәжірибелік оқу құралы. — Астана. — 2018. — 168 б.
- 10 Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы. [Электрондық ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169> (қаралу уақыты: 08.06.2023)
- 11 Балаларды ақпараттық қорғау саласындағы өзекті мәселелер. [Электрондық ресурс] — URL: https://www.inform.kz/kz/balalardy-akparattyk-korgau-salasyndagy-ozekti-maseleler_a3022867 (қаралу уақыты: 20.04.2023)

ВРЕД ИНФОРМАЦИИ И ГРАНИЦЫ ВОСПИТАНИЯ И СОЗНАНИЯ, НЕПОСРЕДСТВЕННО ВЛИЯЮЩИЕ НА ЗДОРОВЬЕ РЕБЕНКА ИХ ПРАВОВАЯ ЗАЩИТА

Аннотация.

Основная форма этой исследовательской работы-обеспечение информационной безопасности этих детей. Опасность для ребенка-угроза для всей страны. Каждый человек обязан сохранять и защищать права ребенка, чтобы в стране не было разрухи. В настоящее время проблем, поднимаемых на тему ребенка, достаточно. Из-за того, что Вселенная настолько развита, ребенку угрожают со всех сторон. Все риски были бы предотвращены, если бы информация, передаваемая ребенку, была под контролем. Поэтому ответственность родителей, государства и неправительственных организаций за защиту прав ребенка будет выше. Была озвучена необходимость повышения грамотности населения, обучения родителей и детей навыкам работы с информацией, навыкам распознавания опасной информации.

Также проанализированы, из какой сферы общества, среды дети подвергаются риску и меры по их решению. Замечательно, что защита детей происходит на всех уровнях государства, но функция только одного органа минимальна. Необходима прочная гражданская позиция не только в семье, но и в детских или несовершеннолетних учебных заведениях. С учетом зарубежного и отечественного опыта информационной

Бала денсаулығына және тәрбие мен сана шекарасына тікелей әсер ететін ақпараттың зияны және олардан құқықтық қорғау

безопасности субъектам информационной безопасности в рамках закона свойственна реализация мер по обеспечению безопасности личной информационной среды ребенка.

Ключевые слова: информация, права ребенка, средства массовой информации, воспитание, причинение вреда.

THE HARM OF INFORMATION AND THE BOUNDARIES OF EDUCATION AND CONSCIOUSNESS, DIRECTLY AFFECTING THE HEALTH OF THE CHILD OF THEIR LEGAL PROTECTION

Abstract.

The main object of this research is to ensure the safety of information for these children. The threat to the child is a threat to the country as a whole. It is the duty of every person to preserve and protect the rights of the child in order to avoid corruption in the country. Currently, there are enough issues on the topic of children. Due to the fact that the universe is so developed, the child is in danger from all sides. All dangers would have been prevented if the information transmitted to the child had been kept under control. Therefore, the responsibility of parents, the state and non-governmental organizations in protecting the rights of the child will be higher. The need to improve the literacy of the population, teach parents and children the skills of working with information, the skills of recognizing dangerous information was outlined.

Also, children are threatened from what areas of society, environment and measures to solve them are described. It is incredible that the protection of children occurs at all levels of the state, but the function of only one body is small. A strong civic position is needed not only in the family, but also in educational institutions where the child or minor is. Taking into account the foreign and domestic experience of information security, the subjects of information security within the framework of the law are characterized by the implementation of measures to ensure the security of the child's personal information environment.

Key words: information, rights of the child, media, education, harm.

REFERENCES

- 1 Adyrnaülttyqportalı [Adirna national portal]. Available at: — URL: <https://adyrna.kz/index.php/post/44190> [in Kazakh]. (accessed: 28.03.2023)
- 2 Біріккен Ұлттар Ұйымында Балалар құқықтары туралы Конвенсиясы 1989 [1989 United Nations Convention on the Rights of the Child]. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400> [in Kazakh]. (accessed: 20.09.2022)
- 3 Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының 1999 ж. 23 шілдесіндегі Заңы ["On mass media" of the Republic of Kazakhstan in 1999. Law of July 23]. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100001242> [in Kazakh]. (accessed: 17.02.2023)
- 4 Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы 2002 ж. 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы ["On the rights of the child in the Republic of Kazakhstan" in 2002. Law of the Republic of Kazakhstan dated August 8]. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345> [in Kazakh]. (accessed: 04.01.2023)
- 5 Januzakova L.T. Balalardy ziandy aqparattan qūyqytq qorǵau salasındaǵy zañnama [Legislation in the field of legal protection of children from harmful information] Qazaq-Orys Halyqaralyq universitetiniñ Habarşysy. Aqtöbe. 2018. P. 31-33 [in Kazakh]
- 6 Qonaqbaeva G. Balalardyñ tabiǵı qūyqytaryn qorǵau мәselesi [The issue of protection of children's natural rights]. "Zañger". №2. 2006. P. 39-41 [in Kazakh]
- 7 Aqparattyq қоғамдағы балалар. Balalardy internetteǵy ziandy aqparattardan qorǵau boıynsha ata-analarǵa arnalǵan әdistemelik qūral ["Children in the Information Society". Methodological tool for parents on protecting children from harmful information on the Internet]. Nūr-Sūltan. 2019. 19 p. [in Kazakh]
- 8 Bezuglenko O.S. Zakonodatel'stvo v oblasti pravovoi zashchity detei ot vrednoi informatsii: sravnitel'no-pravovoi analiz [Legislation in the field of legal protection of children from harmful information: comparative legal analysis]. Informatsionnoe pravo. №1(32). 2013. P. 38-40 [in Russian]
- 9 Қазақстан Республикасында балалардың қатысуымен қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізу ерекшеліктері: халықаралық стандарттар және ұлттық тәжірибе [Peculiarities of criminal and civil proceedings involving children in the Republic of Kazakhstan: international standards and national practice]. Тәжірибелік оқу құралы. Астана. 2014. 168 p. [in Kazakh]
- 10 Balalardy densaulyǵy men damuyna zian keltiretin aqparattan qorǵau turaly 2018 j. 2 shilde Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy [Law of the Republic of Kazakhstan "On protection of children from information harmful to their health and development" July 2, 2018]. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169> [in Kazakh]. (accessed: 08.06.2023)

11 Balalardy aqparattyq qorǵau salasyndaǵy ózekti máseleler [Current issues in the field of information protection of children]. Available at: — URL: https://www.inform.kz/kz/balalardy-akparattyk-korgau-salasyndagy-ozekti-maseleler_a3022867 [in Kazakh]. (accessed: 20.04.2023)

Information about authors:

Venera Nauryzova – **corresponding author**, master of law, senior lecturer of the Department of “Civil law disciplines”, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: v.nauryzova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5990-7032>

Информация об авторах:

Венера Наурызова – **основной автор**, магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры «Гражданско правовых дисциплин», Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: v.nauryzova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5990-7032>

Авторлар туралы ақпарат:

Наурызова Венера – **негізгі автор**, заң ғылымдарының магистрі, «Азаматтық құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: v.nauryzova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5990-7032>